# Беларусь Республикасының Президенті А.Г.Лукашенконың Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 3-4 қарашадағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 13 қаңтар N 73

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Беларусь Республикасының Президенті А.Г.Лукашенконың Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 3-4 қарашадағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 13 қаңтардағы
N 73 қаулысымен
бекітілген

Беларусь Республикасының Президенті А.Г.Лукашенконың
Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 3-4 қарашадағы
ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды
жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар
ЖОСПАРЫ

| р\с N | Іс-шара | Атқару мерзімі | Атқаруына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Сапар барысында қол қойылған ресми құжаттардың күшіне енуі жөнінде қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу: | 2000 жылдың I тоқсаны | |
| | Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы 1999-2008 жылдарға арналған ұзақ мерзімді эконо. микалық ынтымақтастық шарты | -//- | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министр. лігі мен Беларусь Республикасының Мәде. ниет министрлігі арасындағы мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық ке. лісім министрлігі |
| 2 | Қазақстан-беларусь бірлескен кәсіпорындарын құру: | | |
| | "Қазақстантрактор" ААҚ мен "Минск трактор зауыты" АҚ базасында дөңге. лекті тракторлар құрастыру жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру туралы бизнес-жоспарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыну | 2000 жылдың I тоқсаны | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі (жинақтау), эко. номика министрлі. гі |
| | Қарағанды құю-машина жасау зауыты мен "Белаз-Сервис" ЖШС базасында "Белаз" карьерлік үлкен жүк автомашиналарын құрастыру және сервистік қызмет көр. сету жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру | 2000 жылдың ішінде | Қарағанды облысы. ның әкімшілігі (жинақтау), Энер. гетика, индустрия және сауда минис. трлігі, Экономика министрлігі |
| 3 | Астана қаласында беларусь сауда орталығын ашу жөніндегі келісілген ұсынысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу | 2000 жылдың I тоқсаны | Астана қаласының әкімшілігі (жи. нақ), Энергетика, индустрия және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | сауда министрлігі |
| 4 | 1999 жылғы өнімнің астық балансының қорытындысы бойынша қазақстандық астықты беларустық ауыл шаруашылығы және жолқұрылысы техникаларына айырбастау жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс беру | -//- | Ауыл шаруашылығы министрлігі (жи. нақтау), "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), Көлік және коммуникация. лар министрлігі, Энергетика, индус. трия және сауда министрлігі |
| 5 | Беларусь Республикасымен әскери-техникалық ынтымақтастық, қазақстандық әскери қызметкерлерді Беларусь Респу. бликасының оқу орындарында оқыту жөнін. дегі келісілген ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыну | 2000 жылдың I тоқсаны | Қорғаныс министр. лігі (жинақтау), "Қазарнаулыэкс. порт" РМК (келісім бойынша), Энерге. тика, индустрия және сауда минис. трлігі |
| 6 | Қазақстан Республикасының Үкіметіне өзара қарыз міндеттемелерін реттеу және Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының 1992-1993 жылдардағы (корреспонденттік шотқа өткенге дейін және өткеннен кейін) сауда-экономикалық қарым-қатынастарының нәтижелері бойынша талаптары жөнінде ұсыныстар енгізу | -//- | Ұлттық Банк (келісім бойынша), Қаржы министрлігі |
| 7 | Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы төлем-есеп айырысу тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу | -//- | Бұл да сол |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Бұрын жасалған келісімдердің заңды күшіне енуі жөніндегі қажетті мемлекет. ішілік рәсімдерді жүргізу: | | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасын. дағы Беларусь Республикасы аумағында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республи. касы аумағында жұмыс істейтін Беларусь Республикасы азаматтарының еңбек қызметі және әлеуметтік қорғалуы туралы 1997 жылғы 23 қыркүйектегі келісім | 2000 ж. I тоқсаны | Еңбек және халық. ты әлеуметтік қор. ғау министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасын. дағы әуе қатынасы туралы 1997 жылғы 23 қыркүйектегі келісім | 2000 жылдың ішінде | Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 9 | Беларусь Республикасының Президенті А.Г.Лукашенконың Қазақстан Республи. касына 1999 жылғы 3-4 карашадағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағ. даластықтардың жүзеге асырылу жайы жөнінде беларусь тарапына хабарлап отыру | Ақпарат. тың тү. суіне қарай | Сыртқы істер министрлігі |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК